

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M03214 - Кітапханалық инновациялық жүйелер және архивтану

Тіркеу номері	7M03200070
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7M03 - Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7M032 - Журналистика және ақпарат
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	M069 - Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және архив ісі
БББ түрі	Инновациялық
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқыту тілі	Қазақша, орысша
БББ көлемі	120 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2025 ж.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	қызметі	ҚОЛЫ
Отарбаева Гулжан Кобеевна	М. Өуезов атындағы ОҚУ «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасының менгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент	
Кукеева Мира Кульчимбаевна	М. Өуезов атындағы ОҚУ «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасының, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент	
Мусаева Суйкум Тулембаевна	М. Өуезов атындағы ОҚУ «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасының, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент	
Лабенова Рабига Саттаровна.	М. Өуезов атындағы ОҚУ «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасының, аға оқытушы	
Сейтимбетова Данакул Еркинбековна	М. Өуезов атындағы ОҚУ «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасының, аға оқытушы	
Жаппаркулова Анара Абусайылқызы	Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» басшысы	
Жуманова Нурила Серикбаевна	Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы «Шымкент қаласының орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі» басшысы	
Саугамбаева Жанара Иманкуловна	Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы «Шымкент қаласының орталықтандырылған балалар кітапханалар жүйесі» басшысы	
Шамбулова Халида Камбарбековна	Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Ә.Дербісәлі атындағы ғылыми кітапханасының басшысы	
Саурбаева Индира Коблановна	М.Өуезов атындағы ОҚУ Ақпараттық білім беру орталығының директоры	

Білім беру бағдарламасы 77 факультетінің академиялық сапа жөніндегі комитет мәжілісінде қаралды.

« 17 » 03 2025ж. № 4-1 хаттама.

АК төрағасы М.Ə. Ермеқбаев

М.Өуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

« 18 » 03 2025ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы Е.И. Иманғалиев

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

« 27 » 03 2025ж. № 10 хаттама.

	жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты http://lib.ukgu.kz/ тәулік бойы жұмыс істейді. Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.
--	---

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	Кітапхана және архив ісіндегі инновациялық процестерді тиімді басқаруға, заманауи ақпараттық технологияларды әзірлеуге және енгізуге, цифрлық ортада мәдени мұраның сақталуы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлау.
БББ міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> - әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес магистрлерді жан-жақты даярлау үшін жағдай жасау; - магистранттардың тұжырымдамалық, аналитикалық және логикалық ойлау қабілеттері мен дағдыларын дамыту; - отандық және шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі, ғылыми сала үшін ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау; - магистрдің дербес ғылыми-зерттеу және кәсіби қызметінің жоғары деңгейі мен сапасын қалыптастыру.
БББ үйлестіру	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-шы деңгейі; • 7 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығы.
Берілетін дәреженің атауы	Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «7M03214 - Кітапханалық инновациялық жүйелер және архивтану білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі» дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	<ul style="list-style-type: none"> - кітапхана, архив басшысы, аға ғылыми қызметкер, бас ғылыми қызметкер; - ұйымды басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі (бастығы); - педагог; - ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету жөніндегі маман.
Кәсіби қызмет саласы	<ul style="list-style-type: none"> - зерттеу жұмысы; - педагогикалық қызмет; - ғылымдағы, мәдениеттегі және білімдегі ақпараттық-

	<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми білімнің және адам қызметінің жеке салаларының ақпараттық ресурстары; - әкімшілік-басқару қызметі (ұйымдарды, оның ішінде архивтер мен кітапханаларды басқаруды ұйымдастырушылық және құжаттамалық қамтамасыз ету саласында)
Кәсіби қызметтің объектілері	<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми-зерттеу мекемелері; - жоғары және орта оқу орындары; - ғылымды, білім беруді және мәдениетті басқару жөніндегі мемлекеттік органдар; - қоғамдық, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар; - архивтер; - кітапханалар.
Кәсіби қызмет пәні	<ul style="list-style-type: none"> - кітапхана және ақпараттық ресурстарды ұйымдастыру және басқару; - кітапхана және архив пайдаланушыларымен жұмыс; ақпаратты жинау, өңдеу және ұсыну.
Кәсіби қызмет түрлері	<ul style="list-style-type: none"> - зерттеу; - педагогикалық; - ұйымдастырушылық-басқарушылық; - өндірістік-технологиялық.
Оқыту нәтижелері	<p>ОН1-ғылыми таным әдістерін зерттеу қызметінде қолдану, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жасанды интеллектті қолдана отырып инновациялық идеяларды қалыптастыру және іске асыру;</p> <p>ОН2-қызметтің түрлі салаларына ақпараттық-талдамалық диагностика жүргізу арқылы архив пен кітапханалардағы және әлемдік ақпараттық ресурстардағы құжаттар ағынына сыни талдау мен синтездеуді жүзеге асыра отырып, ақпарат іздеу;</p> <p>ОН3-заманауи психологиялық-педагогикалық білімдер негізінде кәсіптік пәндерді оқыту процесін ұйымдастыру, цифрлық және инновациялық технологияларды пайдаланып, кітапханалар мен архив пайдаланушыларға ақпараттық қызмет көрсету жүйелерін жетілдіру;</p> <p>ОН4-цифрлық және ақпараттық сауаттылыққа ие болу, зияткерлік меншікті құрметтеудің этикалық нормалары мен қағидаттарын сақтау, қоғамның ақпараттық ресурстарын жалпылау, талдау, компьютерлік бағдарламаларды қолданып, қызмет көрсетудің жаңа нысандары мен деректі ағындарды модельдеу;</p> <p>ОН5-кітапханатану, библиографтану, құжаттану, архивтану салаларында қолданылатын негізгі әдіснамалық тәсілдерді, ғылыми әдістер жүйесін, заманауи тұжырымдамаларды қолданып, ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік қызметті жүзеге асыру;</p> <p>ОН6-ақпараттық кітапханалық-архивтік коммуникацияларды пайдалана отырып, ұлттық құжаттық мұраны сақтау бойынша әлеуметтік-мәдени жобалаудың мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау;</p> <p>ОН7-кәсіби қызметте жұмыс берушілермен ақпараттық менеджмент технологияларын қолдану, электрондық кітапханалар мен архивтердің жұмысын қалыптастыру және</p>

	<p>қолдау; ОН8-медиатехнологияларды және жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, архив және кітапхана қорларында анықтамалық-ақпараттық, археографиялық, библиографиялық құжаттар жасау жөніндегі жұмысты жүзеге асыру.</p>
--	---

3. БББ БІТІРУШІ ТҮЛЕГІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

Жалпы құзыреттіліктер (SOFTSKILLS). Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық құзыреттіліктер	
ЖҚ1. Өз сауаттылығын басқарудағы құзыреттілік	<p>ЖҚ1.1. Өмір бойы кәсіби және жеке өсуге ұмтылу қабілеті</p> <p>ЖҚ1.2. Таңдалған траектория шегінде және пәнаралық ортада білімдерін үнемі жаңартып отыру, жоғары дербестік пен өзін-өзі реттеудің жоғары дәрежесімен одан әрі оқуды жүзеге асыру қабілеті</p> <p>ЖҚ1.3. Рефлексияға қабілетті болу, өз жетістіктерін объективті бағалау, жаңа құзыреттерді қалыптастыру және докторантурада оқуды жалғастыру қажеттілігін түсіну.</p>
ЖҚ2. Тілдік құзыреттілік	<p>ЖҚ2.1. Келіссөздер жүргізу және іскерлік хат алмасу үшін мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде кәсіби салада жеткілікті деңгейде коммуникацияға ие болу қабілеті.</p> <p>ЖҚ2.2. Медиация және мәдениетаралық түсіністік дағдыларын меңгеру қабілеті.</p>
ЖҚ3. Математикалық және ғылым саласындағы құзыреттіліктер	<p>ЖҚ3.1. Зерттелетін саласында қолданбалы есептерді шешу үшін математикалық талдау және модельдеу әдістерін түсіндіру қабілеті.</p> <p>ЖҚ3.2. Ғылыми тәжірибелерді орнатуды жоспарлай білу, кәсіби салада ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін біріктіру және ендіру қабілеті.</p> <p>ЖҚ3.3. Педагогикалық және психологиялық ғылымның заманауи әдістерін талдап, түсіну және оларды педагогикалық қызметте қолдану қабілеті.</p>
ЖҚ4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық	<p>ЖҚ4.1. Заманауи ақпараттық-цифрлық технологияларды, жасанды интеллект жүйелерін жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін сенімді пайдалану мүмкіндігі.</p> <p>ЖҚ4.2. Сандық құрылғылардың кең ауқымында ақпаратты пайдалану, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, таныстыру және бөлісу дағдыларын меңгеру.</p> <p>ЖҚ4.3. Ғаламдық ақпараттық ресурстарды сенімді пайдалану және ғылыми-зерттеу және аналитикалық қызметте технологиялық сауаттылықты қолдану мүмкіндігі</p>
ЖҚ5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	<p>ЖҚ5.1. Іскерлік этика нормаларын, әлеуметтік және этикалық құндылықтарды меңгеру және оларға кәсіби қызметте бағдар алу қабілеті.</p> <p>ЖҚ5.2. Заманауи әлемде мобильділікке, сыни тұрғыдан ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.</p> <p>ЖҚ5.3. Топта жұмыс істей білу, пікірталас кезінде өз позициясын дұрыс, анық және дәлелді қорғау және кәсіби сипаттағы шешімдер қабылдау.</p> <p>ЖҚ5.4. Қызметтің әртүрлі әлеуметтік салаларында және</p>